

АСТАНА-АЙМАҚТАР: КӨШІ-ҚОН АҒЫМДАРЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОРЫНДАҒАН: МАТҚАСЫМ МАРАЛ

ЖЕТЕКШІСІ: САЛАВАТ М.

ЖОСПАР:

- Кіріспе
 - I. Миграциялық процес түсініктерінің негізгі жағдайлары
 - II. Астана қаласы тұрғындары өсімінің географиялық ерекшеліктері
-
- 1. Астана қаласының физикалық және географиялық жағдайлары...
 - 2. Астана қаласының экономика-географиялық және әлеуметтік даму факторлары
 - 3. Геосаяси жағдай және Қазақстанның барлық аумағы бойынша қоныстанған халықтардың ерекшеліктері
 - III. Астана - аймақтар: көші - қон ағымдарның географиялық ерекшеліктері
 - 1. Астана қаласының маңындағы аумақтар - көші-қон ағындары
 - 2. Ақмола облысы
 - 3. Халықтың ағыны ерекшеліктері : Астана қаласы – оңтүстік облыстар
 - 4. Астана қаласының Батыс, Орталық, Шығыс және Солтүстік өңірлерімен көші-қон алмасу ерекшеліктері
 - Пайдаланылған әдебиеттер
 - Қорытынды

- **Миграция** - [лат. *migratio* - көші- қон, қоныс аудару] – адамдардың қандай да бір аумақтардың шекарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржолата қоныс тебу процесі. Халық көші-қонын бірегейлендірудің негізгі белгілерінің бірі - қандай да бір аумақтың әкімшілік шекарасын кесіп өту (мемлекет, аудан, аймақ, қала және т.б.). Осы негізде ең алдымен, халықаралық (мемлекетаралық) және ішкі миграцияны анықтайды. Ішкі көші-қон ел халқының жалпы санын өзгертпейді, халықаралық көші-қон әлем елдеріндегі халық санының өзгеруіне әкеледі, көбіне азаматтықты өзгерту орын алады. Сондай-ақ қала ішіндегі аумақтық көші-қондар ("қала-қала"), ауылдық жерлердегі ("ауыл-ауыл"), қалалық және ауылдық жерлердің өзара көші-қон алмасуы ("ауыл-қала", "қала-ауыл"). Мерзімдік белгілеріне қарай қайтып оралмайтын (ішкі көші-қон, эмиграция, иммиграция) және қайтып оралатын миграция (ұзақ мерзімді, мезгілдік, үздік- создық, ауық-ауық көші-қон) түрлері анықталған. Түрлеріне қарай ерікті, мәжбүрлі, заңсыз көші-қон болып бөлінеді.

КЕЛЕСІДЕЙ СЕБЕПТЕР АНЫҚТАЛАДЫ:

- экономикалық,
- әлеуметтік,
- Әскери,
- демографиялық (отбасы бірлесуі, некелік миграция),
- мәдени,
- саяси,
- діни және
- этникалық.

- **17 жылда Астана халқы 545 мың адамға артты, яғни 1998 жылы 326 939 тұрғын болса, 2015 жылы қаладағы жан саны 872 319 адамға жетті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.**
- Алғашқы үш жылда қала тұрғындары жыл сайын 50 мыңнан астам көрсеткішке өсіп отырған. Тек 1999-2000 жылдар аралығында шаһар халқы 59 219 адамға артты. Алайда 2001-2003 жылдары тұрғындар санының баяу қарқынмен өскені көрінеді. Статистикаға қарағанда осы кезеңде жыл сайынғы өсім шамамен 8,5 мың адамды құрады.
- 2004 жылдан бастап астаналықтар саны 19 мыңға жоғарылап, содан кейін 2007 жылға дейін қарқынды өсім байқалады. 2011 жылы елордалықтар саны 742 884-ке жетті. 2014-2015 жылдар аралығында қала тұрғындары санының өсімі біршама баяулады, яғни осы бір жылда қалалықтар саны 19 737 адамға артты.
- Белгілі болғандай, 1998 жылы Астанаға 14 мыңға жуық адам қоныстанса, 1999 жылы 62 мыңға тарта адам келді. Сонымен қатар қаладан кетіп жатқандар саны да артуда. Мәселен, 1998 жылдан бері алғаш рет 2015 жылы шаһардан кеткендер саны көшіп келгендермен салыстырғанда асып түсті. Яғни 2015 жылы 31 008 адам келсе, 33 496 қаладағы тіркеуден шығып кетті. Бұдан бөлек, 1998 жылға қарағанда, бала туу көрсеткіші 7,7 есеге артты. Аталған жылы елордада 3388 сәби өмірге келсе, 2015 жылы бұл көрсеткіш 26 079-ға жетті.



АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН СИПАТТАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ИНДИКАТОРЛАРДЫҢ
Т І З Б Е С І

2013 жылғы қаңтар-ақпан

№	Атауы	Көрсеткіштер	2012 жылдың тиісті кезеңіне %
1.	Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) қолданыстағы бағадағы көлемі, млн. теңге	40 027,3	125,5
2.	Негізгі капиталға инвестициялардың көлемі, млн. теңге	30 540,1	92,4
3.	Құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, млн. теңге	18 084,1	76,8
4.	Қаржыландырудың барлық көздері есебінен тұрғын үйді қолданысқа енгізу, шаршы метр	139 889	40,7
5.	Бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің түсуі, барлығы, млн. теңге	116 583,6	155,8
6.	Бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдер болжамының орындалу пайызы, %	110,1	X
7.	Бюджетке түсім бойынша бересі, млн.теңге	11 923,2	79,7
8.	Шағын және орта бизнес субъектілері шығаратын өнімнің көлемі, млн. теңге	177 803,0	100,1
9.	Шағын және орта бизнес саласындағы жұмыспен қамтылғандардың саны, мың адам	165,7	103,6
10.	Тұтыну бағаларының индексі (2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғандағы 2013 жылғы ақпан), %	101,2	X
11.	Бөлшек сауда айналымының жалпы көлемі, млн. теңге	91 755,3	130,0
12.	ЭБХ-ға тіркелген жұмыссыздардың үлесі, % (2013 жылдың ақпанында)	0,9	X
13.	Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің мөлшері (ақпанда)	19 595	109,3
14.	Орташа айлық атаулы жалақы, теңге (2013 жылғы қаңтар – ақпан)	136 320,0	102,2

- **1. Өнеркәсіптің жағдайы**

- Астана қаласының өнеркәсіп секторының көпшілігін өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары (оның үлесі 77%-ды құрайды) және электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны салқындату (20,4%) құрайды. Сумен жабдықтау өнімі (тауарлар, қызметтер), кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау жүйесінің үлесіне 2,6%-дан келеді.
-

- **2. Инновацияларды дамыту**

- Жалпы алғанда, инновациялық бағыт бойынша «*Smart Astana*» жобасы іске асырылуда, бекітілген тұжырымдамаға сәйкес «ақылды қала» технологияларының алты бағыты бойынша технологиялық шешімдер жасау, технологиялық толықтыру, қажеттікті қалыптастыру, қабылданатын технологиялық шешімдердің қаржы-экономикалық негіздемесі, және «ақылды қала» қағидасы бойынша «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмені құруға жобаны шоғырландыру.

- **3. Көлік және байланыс**

- Автомобиль көлігі. Бүгінгі күні 53 қалалық бағдар бойынша күн сайын 770 бірлік көлік жұмыс істейді, оның ішінде сыйымдылығы үлкен автобус - 733 бірлік, орташа сыйымдылықты автобус - 285 бірлік. Қалалық бағыт желісінің ұзақтығы 2437 км-ді құрайды.
- Астана қаласында ІІ мамандандырылған таксомотор компаниясы – «Сарыарқа», «Аруна», «Жебе», «Медео», «Аққу», «Целиноград», «Астана Компани КЗ», «Триумф», «Экипаж», «Марсель», «Апельсин» компаниялары жұмыс істейді. Жылжымалы құрамның жалпы саны – 342 бірлік.




- **4. Шағын және орта бизнес мониторингі**

- 2013 жылғы I наурыздағы жағдай бойынша шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандардың саны 165,7 мың адамды немесе 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 103,6% құрады.
-

- Шағын және орта кәсіпкерліктің шаруашылық субъектілері 177 803 млн. теңге сомаға өнім өндірді, жұмыстар орындады және қызмет көрсетті, бұл 2012 жылдың ұқсас кезеңінен 0,1%-ға жоғары.

- **5. Орта білім беру.**

- Қалалық мектептердің саны 86 663 оқушысы бар 82 объектіні құрайды, оның ішінде мемлекеттік 70 мектеп.
- Көші-қонға орай (2012 жылы республиканың өңірлерінен 4577 оқушы келді) оқушылар орнының тапшылығы 15 728 орынды құрады (салыстыру үшін айтар болсақ 2011 жылы 14 382 орын болды).
- Соңғы үш жылда үш ауысыммен оқу 6 мектепте сақталып отыр



-
- <http://astana.gov.kz>.